the term young adult literature and the brief history of teen fiction. The main literary element to be analyzed in this article is the themes of young adult fiction and the role of teenagers in the writing process itself. The article is written in Kazakh.

Резюме

Данный доклад представляет краткий дискурс в историю возникновения англоязычной подростковой художественной литературы и определение самого термина «подростковая литература» в английском языке. Предлагается вниманию анализ литературных жанровых разделений и обзор актуальных тем в подростково-юношеской литературе на рубеже 20-го и 21-х веков. Доклад написан на казахском языке.

А. АБЖАЛОВА,

Сүлейман Демирел университетінің магистранты

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫ

Тәуелсіздік кезеңіне дейін ұлттық драматургиямыздың өзіндік тарихы, қалыптасу және даму жолы болғаны белгілі. М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров сынды қаламгерлердің қойылымдарындағы ерекшеліктер өз алдына жеке тақырып болса, қазақ жазушыларының көрнекті өкілдері С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Майлин, І. Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқановтардың драматургиядағы үлгі өнегесі қалыптасты. Әр халықтың рухани-мәдени әлемінің жетілуіне ерекше ықпал ететін дара тұлғалары болғандықтан қазақ халқының мәдениетін, оның ішінде театр өнері мен драматургиясын көркемдік көркемдіктің шыңына көтерген – Мұхтар Әуезов екені баршаға аян. Олардың іздерін жалғастырған – драматургия саласында ежелден еңбек еткен қарымды драматургтер – Ә.Тарази, С.Жүнісов, Д.Исабеков, А.Жағанова, Т.Нұрмағанбетов, И.Сапарбай, С.Балғабаев, Б.Мұқай, Иран-Ғайып, Ш.Құсайыновтар тәуелсіздік кезең драматургиясына жаңа серпін ала келді. 1990 жылдан бері тың қойылымдарын ұсынған Р.Мұқанова, Ә.Ақпанбетұлы, Д. Амантай, Ө.Боранбаев секілді жас драматургтер де өз туындыларын қоса білді. 70 жылдан астам Кеңес өкіметінің идеологиялық бағытынан тыс өз қаламгерлеріміз, жас ұрпаққа жат бола жаздаған салт-дәстүрлерімізді, жазатайым көмілудің алдында тұрған әдебиетіміз бен мәдениетімізді, елді егемендікке бағыттайтын қаламы қарымды жазушыларымыз жүрекжарды дүниелерін көпшілікке ұсынып жатты. Жаңадан тәуелсіз туын тіккен халқымыздың тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерін тілге тиек етіп, ұрпақ тәрбиесі мен қоршаған қоғамның өзіндік іс-әрекетін жіті назарда ұстап, олардың мінез-құлықтарын шынайы бейнелей білді. Атап айтсақ:

С.Жүнісовтің «Кемеңгерлер мен көлеңкелер», «Қылмыскерлер», Ш.Мұртазаның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Қызыл жебе», Д.Исабековтің «Актриса», «Тор», Ә.Таразидің «Ақын. Періште. Махаббат.», Б.Мұқайдың «Өмірзая», Ш.Құсайыновтың «Томирис», М.Байсеркеновтің «Абылайдың соңғы күндері», Қ. Ысқақтың «Қыл көпір», Р. Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне», И. Сапарбайдың «Сыған серенадасы», Ө.Боранбаевтың «Көк бөрі», Ә.Ақпанбетұлының «Дүние – думан», Д.Амантайдың «Сәлеметсіз бе, қоңыр мұң», С.Сматаев пен Т.Теменовтің «Көгілдір такси» сияқты пьесаларда адам жанының нәзіктігі мен аңғалдығын, қуанышы мен қайғысын, жеке өзінің қарақан басының қамы үшін, ішіне толған пасықтығы мен айласын іске асыру жайлы сан алуан әлеуметтік-қоғамдық көріністер орын алады.

Қазақ драматургиясына жағымды жаңалық әкеліп бір-бірімен астасып, көрермен жүрегінен өшпестей елеулі орын алған М.Байсеркеновтің «Абылайдың ақырғы күндері» мен Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» пьесаларын атауға болады. Бұл шығармада Қытай мен Ресейдің ортасында жатқан Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалу үшін төккен тері мен сіңірген еңбегі даралылығымен ерекшеленсе, алғаш таққа отырған хан өмірінің саяси жолы, армандары мен мақсаты, өкініші мен қайғысы, жетістігі мен жеңілістері айқын суреттеледі. Пьеса желісінде өзінің тілектестері мен жауластарының бет пердесі айқын ашылады. Осы пьеса арқауы уақыт өте келе операға да өзек бола білді. Е.Рахмадиевтің басшылығымен «Абылай хан» операсы туып, либреттосы Ә.Кекілбаевтың қаламынан өрбіді. Ал, М.Байсеркенов желісіндегі Абылайдың бір тәулік ішіндегі жай күйі мен психологиялық тұрғысын жоғары дәрежеде сипаттап, ондағы аласапыран көңіл-күйдің іс-әрекеттеріне – оқырманның жүрегі езіліп, жаны сыздап ауырары хақ. Пьесада Абылайдың өлімі сюжетке негіз ретінде көрсетіліп, хан өмірінің соңғы үш күні бейнеленеді. Осы үш күн ішінде, хан – өз өміріне есеп беріп, жетістіктері мен кемшіліктерін, қол жетпес арманы мен орны толмас қателіктерін, табыстар мен даналықтарын зерделеп ой елегінен өткізді. Оқиға Бұқар жырау мен күзет басшысы Сейіс үшеуі арасында өрбігенімен шығарманың іс-әрекеттері сығымдай суреттеліп, ырғақты жүру жылдамдығына аса мән берілгенін айта кету керек. Қорыта келгенде, шығарманың мақсаты: «Абылай – ұлы хан. Сонымен қатар, Уақыт пен Тарих алдында шарасыз жан, дәрменсіз пенде. Түйіндеп айтқанда, бәріне де төреші - Уақыт. Тарихтың-өзі» [1,332].

Кейінгі жылдардың тарихи тақырыптарын меңгеруде Ш.Құсайыновтың «Томирис» пьесасын атауымызға болады. Біздің дәуірімізге дейінгі шамамен 530 жылдарында өмір сүрген сақтардың Томирис патшайымының өз жері мен туған даласы үшін аянбай күрескен ерлігі суреттеледі. Күллі Азияны билеп-төстеген парсы патшасы - Кир сақ даласына тойымсыздықпен көз алартып, дархан даланы жаулап алу мақсаты

мен Томиристі әйелдікке алсам деген арам пиғылын араға адам салып Томириске естіртеді. Қарсылық білдірген сақ ханшайымының ұлын Спаргапистi алғашқы кескілескен айқаста өлтіреді. Томирис ашу ызамен бүкіл сақ әскерлерін атқа қондырып, шайқасты өзі бастап, бірбеткей сақ жауынгерлерінің езгісіне төзе алмай жанкешті жауы - парсы елін талқандап жеңіске жетеді. Осылайша, екі жарым мың жыл бұрын Алтай мен Атырауды алып жатқан иісі қазақ даласын ұлы бабаларымыз дәл осылай қорғап қалғаны бейнеленеді. Пьесаның намысқа мығым, патриоттық, ерлер рухындағы жүрек лүпілдері мен көз жанардың шарпысқан сарындары желі барысында айқын көрініс табады.

Жазушы әйелдер арасынан драматургия саласына жаңаша серпіліс, тың тақырыбымен елең еткізген - жас драматург Р. Мұқановаңың «Мәңгілік бала бейне» пьесасын айтуға болады. Семей өңіріндегі қаракөздеріміздің полигон құрбаны, эксперименттік обьектісі болған «Қарауыл» ауылының барометрі іспеттес - Ләйлә атты он екіде бір гүлі ашылмаған қыздың аянышты өмірі мен тағдыры суреттеледі. Болашақ бар ма?, әлде жоқ па? - деген философиялық бағытта өрбіп, табиғат пен адамдар арасындағы нәзік те көзге көрінбейтін байланыстарды автор шебер жеткізе біледі. Сонымен бірге, пьеса желісінде - барша қазақ елінің қайғы мен мұңы, күңіренген үні мен қазақтардың арақ ішуге мойынсынуы ашық суреттеледі. Семей полигоны ядролық сынақ болса, бұл арақ - қазақты тексіздендірудің бірден-бір полигонына айналғаны сипат алады. Бұл да төріміздеп жай беріп, қожадай сыйлаған, жолында құрбан болған, қонақжайлылылығымыздың арқасында қарымтасын қайтарған халықтың қазаққа жасаған полигоны болатын... Осы пьеса «Ләйләнің дұғасы» деген көркем фильмге де негіз болғанын айта кетуге болады.

Тәуелсіздік кезеңіндегі драматургияның қалыптасу дәуірінде ерекше көзге түскен құбылыс - жазушы драматургтеріміздің тарихи классикалық тақырыптарды зерттеп, қағаз бетіне түсіріп, ежелгі аңыз-хикаяларды көркем шығарманың негізі етіп алуы жаңа қоғам баспалдағына үлкен серпіліс алып келді. Оның басты себебі, егеменді ел болған халқымызға оның жаңа сұлбасы мен қол жеткізген жетістіктерін таныту қажеттілігі туындады. Жас ұрпаққа өзгенің боданы болу санасынан құтылу, оларға патриоттық рухта тәлім-тәрбие беру, намысын оятып жігерлендіру болып табылды. Сонымен бірге, бұл туындылардың желісі қол бастаған батырларымыз бен аузы дуалы абыздарымыздың, ақын-жыраулар мен шешендеріміздің; білектің күшімен, найзаның ұшымен елді қорғаған бабаларымыздың әруағына тағзым ету болып табылады. Дегенмен, қанша жерден табыстымыз десек те, заманымыздың бет пердесін ашатын, саяси әлеуметтік, мәдени–рухани жағдайларымыздың дәлме-дәл суреттейтін шығармалар легі саусақпен санарлықтай.

Алайда, комедияға қойылатын талаптарды драмаға қоя алмаймыз. Жалпы алғанда, драма, комедия, трагедия деп бөлінгенімен, олардың бір-бірімен астасып жататыны жақтары тағы бар. Драмада комедия элементтері орын алып жатса, ол шығарманың ажарын аша түсетіні баршаға мәлім. Халқымызға осындай жанр ерекшеліктеріне тән ережелерді бойға сіңіріп суреткерлеріміз тың дүниелер алып келіп, ол шығармалар сахнадан өз орындарын тауып жатса, көрерменнің де ықыласына бөленері анық. Себебі, жалпы ұлттық және әлемдік драматургияның сахналық материал тұрғысындағы бейне көрінісі жайында М.Байсеркенов: «Театр-сәулет пен сымбат, күй мен әдебиет әуенінен әсемдік құбылыс құпиясын құрыштай құйып шығаратын поэтикалық, рухани ұстахана» - дейді [2,35].Сонымен қатар М. Байсеркенов: «Иә. Театр -тылсым дүниесінің киелі кілтін қолына ұстаған суретші ғана сахнаның «сиқыр» сандығын аша алады. Алдына-әлемнің күллі «құпия» қазынасын аядай сахнаға сыйдырам деп мұрат қойған суретші ғана нағыз өнер идеалына ие бола алады» - деп тұжырым жасайды [3,36].

Қазақ әдебиетінің терең де, театрмен сабақтас саналатын жанрының бірі- драматургия саласы болғандықтан, ол сонымен бірге, театр өмірінің шешуші құралы іспеттес. Драматургия – тартымды тартысты болса сахналанған көрініс те көрермен тарапынан жақсы бағаға ие болатыны анық. Ал енді, З.Ахметов драмаға байланысты былай дейді: «Драма сөзіне тереңірек тоқталсақ - сахнаға арналған, уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар. Драмаға уақиғаны қызу тартысқа құрып, мейлінше шиеленістіріп, шарықтау шегіне әбден жеткізіп барып тану- айрықша тән қасиет. Оған жанама ретінде -монолог, диалог, эпикалық жанрларды жатқызуға болады» [4,130].

«Драмалық шығармалар - екі бағытта өрбиді. Алғашқысы-көркем әдебиет қалпындағы нұсқасы болса, кейінгісі - оның сахналық тұрғыда көрініс табуы. Бұл екеуін бір-бірінен ажыратып қарастыруға болмайды. Себебі, драма - сахна үшін де көркем шығарма үшін де аса рухани құнды жанр болып табылады. «Театрдың жаны- драма»- деп Гоголь айтқандай, драмалық шығармасыз сахналық өнердің тууы мүмкін емес! Қазақ топырағындағы тұңғыш драмалық труппалардың өмірге келіп, ұлттық сахналық өнеріміздің дамуына ерекше ықпал еткен М. Әуезовтің драматургиясы мен ұйымдастырушылық жұмысының орны бөлек. Ол қаламдас досы, өнердің тұңғыш шебері Ж.Аймауытовпен ұлттық драматургияның негізін салып, еліміздегі театр өнерінің көшін алға тартты». [5,47] Осылайша, өнертану ғылымының академигі, сонау М.Әуезов театрының 40 жылдан 70 жылдық тарихи белестерін бүге-шігесіне дейін зерттеген ғалым ағамыз осылай деп баға берсе, Көрнекті ақын, драматург,

ғалым Ә.Тәжібаев: «Қазақ тілінде ертеде «драма», «театр» деген сөздер болған жоқ. Бірақ, ұлт поэзиясының бай түрлері, оның көпшілік ойын-сауығы үшін репертуарға айналған ғажайып үлгілері, көшпелі жұрттың өзінің ұлттық салтына, өмір өзгешелігіне лайық театры болғанын дәлелдейді. Жаңа әлеуметтік өмір «...осы топырағы әзір, тұқымы себулі тұрған өнер түрін өсіріп жіберді. ...оған жарық, жылу берді, шөлдемес үшін су берді. Сөйтіп, халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл маржандарын іргелі, үлкен өнерге айналдырды» [6,9] –деп, ғылыми тұрғыдан өте дәлелді келісті жеткізген.

Сонымен бірге, драматургиялық шығармаларды тәуелсіздік кезеңдерде өндіріп жазған тұлғалардың бірі – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, белгілі қаламгер, драматургия жанрында елеулі орны бар – мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабеков екені баршаға аян. Оның прозалары мен әңгімелерін алып қарасақ, өзіндік қолтаңбасы айқын, шығармаларындағы көркем бейненің жасалу жолы, ұлттық характерлердің сомдалуы, кейіпкердің жан-дүниесіндегі арпалысқан сезімдер шынайы, табиғи суреттеледі. Сонымен бірге, шығармашылық иелері жайлы қалам тербеуде ерекшелігімен алға түседі. Мысалы: «Актриса» пьесасын алып қарасақ: өзінің өліп-өшіп сүйген ұшқыш ғашық жарының актриса әйелін қызғануы, өнер адамдарының күнделікті алып-қашпа пендешіліктері мен театр түндігі астындағы орта таланттардың арасында өзінің еңбегінің бағаланбауы суреттеледі. Алдау мен арбауға түскен сәби сезімдері мен әйелдік осал сенімдері, айлакер адамдардың жымысқы әрекеттерінен шаршаған өнер адамының қоғамда қарапайым жұрт қатарлы өмір сүруіне барынша шектеу қойылғандығы жайлы шығарма моральдық этикалық жағдаяттардан терең сыр қозғайды. Д.Исабеков – әйелдің ішкі жан-иірімдерін суреттеуде де өзіндік қолтаңбасын бар мықты қаламгер. Шығармаларының кейіпкерлері - ол ана, мейлі қыз болсын, қарапайым тілмен жеткізілген туындының өзінен әйел жан дүниесіне терең бойлағанын, рухани таза көңілдің тазалығы мен адалдығын, адамдық қасиеттің шоқтығы биік қырлары мен сырларын дәл тауып көрерменге тікелей әсер қалдырады. Ал, ауыл адамдарынның болмысы мен табиғатын аса сезімталдықпен ашуы, ондағы кейіпкердің бейнесін беруінде – психолог жазушы атанудың негізі бар. Автор - кейіпкерлерінің жүрек сыздатар аянышты тағдырын түрлі жағдайлар аясында бейнелеп, тығырықтан шығуға ұмтылған талпыныстарын әсерлі де аянышты қалыпта суреттеп, оқырман қауымының көңіл таразысына салып отыруымен ерекшеленеді.

Д.Исабеков: «Драматургия – тікелей көрерменмен байланысты. Театрдан көрерменнің я жылап, я күліп, не тебіреніп шығып жатқаны мені ерекше шабыттандырады. Сондықтан да бұл жанрды тастағым жоқ.» - дейді [7-4]. «Мұңлық-Зарлық» лиро-эпостық драмасына келер болсақ, бұл жырдың

үлгілері парсы халқында, шығыс халықтарының көпшілігінде кездесетіні мәлім. Қазақ үшін «Мұңлық-Зарлық», «Қозы Көрпеш Баян Сұлудан кем емес» –деп суреттейді автор.

2008 жылдың қазан айында Омбы қаласында өткен "Ресейдің жас театрлары" фестивалі аясында Дулат Исабековтің "Ескі үйдегі екі кездесу" атты пьесасы бойынша спектакль қойылып, елімізде табысты жүрген пьесаны "Пятый театр" атты Омбы мемлекеттік драма театры "Транзитный пассажир" атауымен сахнаға алып шығарды. Кез келген қазақ жазушысының шет елдерде драматургиялық шығармалары қойылып жатпайтыны баршаға аян. Бұған дейін де Санкт-Петербург қаласында "Тор" атты пьесасы қойылғанын "Егемен Қазақстан" елге қуана хабарлаған. Ресей журналистері Омбыда қойылған "Ескі үйдегі екі кездесу" ("Транзитный пассажир") спектаклі туралы өте жақсы пікірлер таратып баспасөздерге жарыса жазысты. Д.Исабеков жүрген жерлерінде драматургияның өте керек жанр екенін, қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлей қалса болғаны, «қазақта драматургия жоқ»!- деп байбалам салуын, асылында сыншылардың өзі шын мәнінде тұшымды еш нәрсе оқымайтынын, барды жарқыратып көрсете алмайтынын, онысымен қоймай, айдаладағы біреуді құлағынан жетектеп Алматыға әкелетінін»- қатты сынға алады автор. Қазақ халқында драматургия –төбесінен тоқпақ кетпеген жанр екені белгілі. Мысалы, Гоголь, Островский, Чеховтардың заманында да елдің «драматургия жоқ» деген пікірі болған. Кезінде көпшілікті дүр сілкінткен - Ә.Әбішев, Қ.Мұхамеджанов, Т.Ахтанов, С.Жүнісов сынды дарынды драматургтердің қазіргі уақытта саусақпен санарлықтай екенін сағына ой елегінде саралайды. Олардың қатарына Ә.Тарази, С.Балғабаев, Ш. Құсайынов, Т.Нұрмағамбетов, И.Сапарбай, Иран-Ғайыптарды ғана жатқызып, басыбайлы драматургиямен айналысып жүргендер аз екенін тілге тиек етеді.

Қорыта айтқанда, қай кезең мен қай дәуірді салыстырып қарасақ та, өз қоғамында айтар ойы айқын, көздеген мақсаты бар, заманға сай өзіндік пікірі қалыптасқан ұлт жанашырлары мен көрермен жүрегінен жол табар жазушылары мен драматургтері артына өшпестей із қалдырып отырғаны мәлім. Біздің ұлттық құндылықтарымыздың ішіндегі театр өнерін алсақ, әлемдік өнердің басқа түрлерімен терезесі тең екенін атап айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы: Қазақпарат, 2006.528 б.

Байсеркенов М. Қойылым мен қолтаңба. – Алматы: Өнер, 1989.- 280 б.

Байсеркенов М. Қойылым мен қолтаңба.- Алматы: Өнер, 1989.- 280 б.

Әдебиеттану терминдер сөздігі /Құраст.:З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. -384 б. .

Құндақбаев.Б. М. Әуезов және театр – Алматы: Ғылым,1997.- 47 б.

Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы:

1971. -248 б.
Исабеков Д. «Көрермен театрдан тебіреніп шықса, соның өзі маған шабыт береді».// «Дидар» газеті. 8-маусым 2008 ж.

Резюме

В данной статье рассматривается развитие драматургии в период независимости и были исследованы драматические произведения казахских писателей.

Resume

This article mentions development of Kazakh dramatic in the period of independence and there are investigations, analysis of dramatic works.

Қ. ОРАҚОВ,
Сүлеймен Демирел университетінің магистранты

ҚАЗІРГІ ПРОЗАНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЖҮЙЕСІ

Әр дәуірдің рухани сұранысына байланысты түрлі әдеби жанрлар алға шығып, қоғамның қажеттілігін қанағаттандырып отырады. Жиырмасыншы ғасыр қазақ әдебиетінің «алтын ғасыры» деп аталады. Олай аталуының да өзіндік себебі бар десек қателеспейміз. Олай деуіміздің себебі – осы ғасырда барлық жанрдың қарыштап дамығандығында, соның нәтижесінде сүбелі дүниелердің, сүйекті туындылардың өмірге келгендігінде болса керек. Тәуелсіз ел атанып, қоғамдық формация өзгеріске түскенде ұлттық әдебиетте де динамикалық көрсеткіштің төмендеп кеткендігі анық байқалды. Мұның салдары әдебиеттегі кейбір жанрлардың кенжелеп, тіпті мүлдем тоқтап қалуына әкеп соқтырды.

Десек те қазіргі таңда проза жанрында жетістіктеріміз көңілімізді тоғайтады. Бір өкініштісі – мұнда да жетістікті айту үшін өткенге көз жүгіртуге тура келеді. Бүгінгі таңда әңгіме, повесть, роман жазылып жатыр-ақ, дегенмен де драматургия, детекив, фантастика, бестселлер тәрізді заманның, қоғамның сұрасына сай қызмет қылатын жанрлардың дамуы кенжелеп тұрғандықтан, оқырман мен қаламгердің арасы алшақтап кетті. Бұл – көз жеткен шындық.

1960-80 жылдары қазақ прозасына жаңа сипаттағы жазушылар келді. Бұлар алдыңғы ұрпақтың (А. Байтұрсынұлының, М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, М. Жұмабаевтың, Шәкәрімнің) шығармаларымен бүге-шіге таныса алмаса да, қазақ прозасын дүниежүзілік деңгейге көтерді. Бұлар Э. Хэмингуэйді, Ф. Кафканы, У. Фолкнерді, Ницщені оқып, дүниежүзілік әдебиетпен емір-еркін танысты. Бұл толқын: Т. Ахтанов, Т. Әлімқұлов, Б.